

Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық ставкалары туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2011 жылғы 6 желтоқсандағы N 34/415 шешімі. Қарағанды облысы Жезқазған қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 30 желтоқсанда N 8-2-148 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 22 мамырдағы № 23/216 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 22.05.2018 № 23/216 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 386 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық ставкалары ұлғайтылсын:

1 санат - жер үстіндегі жабық түрдегі автотұрақтар, ашық түрдегі автотұрақтар. Ставка 10 есе ұлғайтылады;

2 санат - басқа мақсаттағы ғимараттарға жалғастырылған автотұрақтар, басқа мақсаттағы ғимараттарға жапсарлас салынған автотұрақтар. Ставка 9 есе ұлғайтылады;

3 санат - ғимараттардың астындағы, жер астындағы, жертөлелердегі, шығынқы ірге немесе төменгі жер үсті қабаттарда орналасқан автотұрақтар. Ставка 8 есе ұлғайтылады.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жезқазған қалалық мәслихатының тұрақты комиссияларына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,

қалалық мәслихат хатшысының

міндетін атқарушы

КЕЛІСІЛДІ:

"Жезқазған қаласы бойынша

Ярмак Н.И.

салық басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

Нұрпейісов А.Ж.

6.12.2011 ЖЫЛ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК